

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Күркөл ауылының Дөнентаев атындағы орта мектебі» КММ

**Хаттама №1**

**Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**Мерзімі:** 24.02.2026

**Өткізу орны:** мектеп

**Қатысқандар саны:** 15

**Қатыспағандар саны:** 0

**Шақырылғандар:** ТДЖО Билялова А.А., әлеуметтік педагог Кайрбекова Н.К.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:** Ырғынбай Нұраш

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:** Мырзагулова А.М., Саятова Б.М., Садвакасова Г.А., Бекенова Г.Р., Аханай Г., Калиева М.С., Турсумбаева Г.К., Нургазинова С.С., Сарсембаева Б., Еденова Д.О., Адилхан Б., Серік А., Шокенова А.Е., Маженова Р.К.

**Хатшы:** Кайрбекова Н.К.

**Күн тәртібі:**

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу сапасын тексеру, мектеп асханасының жұмысы
2. «Наурыз» мерекелік іс-шараға қатысу

**Барысында:**

**Тындалды:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ырғынбай Нұраш, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен және мақсатымен таныстырды.

**Сөз алды:** әлеуметтік педагог Кайрбекова Н.К.

Бүгінгі отырыста оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу сапасын тексеру нәтижелері және мектеп асханасының жұмысы туралы баяндауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізілген бақылау барысында асхананың санитарлық жағдайы, тағамдардың сапасы, ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі, азық-түліктің сақталу мерзімі мен шарттары, сондай-ақ тамақтану үдерісінің ұйымдастырылуы зерделенді.

Мектепте бракеражды комиссия өз жұмысын жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізеді. Комиссия ай сайын асханаға тексеріс жүргізіп, дайын тағамдардың сапасын, дәмін, сыртқы көрінісін және температуралық режимін бағалайды. Тексеру қорытындысы бойынша арнайы акт толтырылып, анықталған ескертулер болған жағдайда тиісті ұсыныстар беріледі.

Тексеру қорытындысы бойынша асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы талаптарға сай екені анықталды. Тағамдар бекітілген мәзірге сәйкес дайындалады, сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылған.

Сонымен қатар, тамақ сапасын одан әрі жақсарту, оқушылардың талғамын ескере отырып, мәзірді жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.